РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

АТЫРАУ МЕН МАҢҒЫСТАУ АЙМАҒЫНА XIX ҒАСЫРДА КЕҢ ТАНЫЛҒАН ТАРИХИ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ БІРІ – БЕРІШ РУЫНЫҢ ҚАРАТОҚАЙ ТАЙПАСЫНАН ШЫҚҚАН ҚАБЫЛҰЛЫ ЖАПАРБЕРДІ БАТЫРДЫҢ ҒҰМЫРНАМАСЫНА ТОҚТАЛМАС БҰРЫН, ОНЫҢ АТА-БАБАСЫНА ҚАТЫСТЫ МӘЛІМЕТТЕРДІ ОҚЫРМАНДЫ ҚЫСҚАША ХАБАРДАР ҚЫЛҒАНДЫ ЖӨН КӨРДІМ. ОНЫҢ ӘКЕСІ ҚАБЫЛ МЕН АТАСЫ ИТЕМГЕН ЗАМАНЫНДА БАТЫРЛЫҒЫМЕН ТАНЫЛСА, БАБАСЫ ЕСБОЛАЙ XVIII ҒАСЫРДА БЕРІШ РУЫНЫҢ АТЫНАН БИЛІК АЙТҚАН БИ, «САУРАН АЙНАЛҒАННА» ЕЛДІ КІШІ ЖҮЗГЕ, ОНЫҢ ІШІНДЕ АТЫРАУ МЕН ҮСТІРТКЕ БАСТАП КЕЛГЕН РУБАСЫЛАРДЫҢ БІРІ ЕКЕН. ОҒАН ҚОСА, ЕСБОЛАЙ ЕСІМІ АЛАПАТ ЖҮТТА МАЛЫН АҒАЙЫНДАРЫНА ТАРАТҚАН САХИ ЖОМАРТ, ДӘУЛЕТ ИЕСІ РЕТІНДЕ ДЕ МӘЛІМ. БҰЛ ЖӨНІНДЕ АТЫРАУ ЖҰРТЫНА ТАНЫМАЛ АҚЫН МҰРАТ МӨҢКЕҰЛЫНЫҢ БІРАЗ ЖЫРЛАРЫ БАР.

Жапарберді батыр ҚАЙДА ЖЕРЛЕНГЕН?

Ескерер жайт – аталған тұлғалар жөнінде мәліметтер тек аңыз әңгімеде емес, сонымен қатар архивтік деректемелерде де кездеседі. Мәселен, Есболай би туралы мәліметтер XVIII ғасырдың 40-жылдарынан бастап орыс деректерінде беріледі. Есболайдың үлкен ұлы Итемген батырдан тараған Қара, Табылды, Қабыл, Қалдыбай және Мәтен өз заманында батырлығымен көзге түскендіктен, жұрт аузында олар «Итемгенің бес бөрісі» аталған. Олардың арасында Қараның Беріш руының старшыны және батыр ретіндегі есімі 1774 және 1794 жылдардағы құжаттарда кездеседі. Қара кеткеннен кейін Беріш руының атынан оның інісі Жапарбердінің әкесі Қабыл батыр билікке араласқан. Оның есімі 1807 жылғы Байұлы мен Жетіруді басқарушы сұлтан, старшын, би, мырза, батырларының Кіші жүзді басқарған Хандық кеңеске жазған өтініштерінде Беріш руының атынан танбасын басқан 8 адамның ішінде (оның ішінде би Жүзбатыр мен Махамбет батырдың әкесі Өтеміс те бар) жазылған.

Келесі бір дәйек – Қараның ұлы Есет те әкесіне тартып Беріш руының ауыз дуалы биі болса, Табылдыдан туған Құлбарақ 1832 жылы Маңғыстауда Хиуа хандығымен болған ұрыста қаза тапқан батыр еді. Демек, Жапарберді, Есет, Құлбарақтар Итемген батырдың немересі екен.

Жапарберді батырдың өмірінің бір бөлігі Атыраумен қатар, көршілес Маңғыстау жерінде өткен. Оған бірнеше себеп те бар. Біріншіден, бабасы Есболай «Сауран айналғаннан» кейін түркімендер жайлаған Маңғыстауға адайлармен бірге алғаш қоныстанған. Халық аузындағы деректерге сүйенсек, Маңғыстауға келген қазақтың алғашқы көші 60 үй Адайдан, 2 үй Бершіден, 1 үй Таздан құралған. Осы көштегі Бершіптің екі үйі болған Есболай ұлдарымен бірге қазіргі Бозашы түбегін қоныстанады.

Бұл жердегі «қоныстану» дегенді қыстау деп түсінген жөн. Себебі, Қазан төңкерісіне дейінгі дәстүрлі қазақ қоғамында қазақтың қонысы қыстау мен жайлаудан тұрған. Олардың ара қашықтығы әртүрлі. Дегенмен, сең қашық көшті аумағының басым бөлігі жайлымға жарамсыз шөлді болып келетін Маңғыстау қазақтары бастаған. Мәселен, Адайлар жайлауға Жем, Сағыз, Ойыл өзендерін бойлай шықса, Маңғыстаудағы Беріш Қаратоқайлардың жайлауы Қарабау мен Қараөлде болған. Сол себепті, Жапарбердінің нақты қай жерде туғаны әзірге белгісіз.

Батыр өмірімен байланысты архив деректері бізге кездеспегендіктен, оның өмірбаяның жазуда халық жадында сақталған ауызша тарихнама, яғни жыр мен аңыз әңгімелерді негізге алдық. Жапарберді туралы ақын Матай Мөңкеұлы, Ығылман Шөрекұлы, жерлесіміз Берік Қоркытов, Ғиният Жұмашев, Мәжит Мұхтаров, өзге де елкетанушан хабары бар белгілі адамдардың жазбаларында кездеседі.

Жапарберді батыр туралы алғашқы мәлімет 1832 жылы Маңғыстауда болған қанды қырғында аталады. Хиуа ханының қолы Адайдың Суйіншара батырының ауылын шапқанда, жауға қарсы Бозашыда отырған Бершіптің Қаратоқай атағлығынан 18 батыр аттанып, сол соғыста тек Жапарберді батыр ғана тірі қалады. Батырдың тірі қалуына оның найзагерлігі де себебін тигізсе керек. Ақын Ығылман Шөрекұлының жырлауына қарағанда, Жапарберді түркіменнің Назарбақ деген батырын найзамен шаншып, жау қолынан сытылып шыққан.

Осы ұрыста Жапарбердінің әкесі Қабыл батыр да өлген екен. Оған қоса, ағалары Құлбарақ пен Батырбек, өзге де бауырларының кегі үшін Жапарберді 1833 жылы Хиуаға 300 адамдық қолды басқарып барған. Ғиният Жұмашев пен Мәжит Мұхтаров құрастырған «Қаратоқай шежіресінде» Жапарберді сол сапарында түркіменнің Суйіншашақ атты қолбасшысын өлтіріп, қазақтар қолы өткен жалдың есесін қайтарып жеңіске жеткенін жазылады.



Дәрі қорымындағы Жапарберді батырдың құлпытасы

Жапарбердінің батырлығы ақын Мұрат Мөңкеұлының ағасы Матайдың жырында төмендегіше сипатталады:

Ер бапа, жас күнінде атқа мінді,
Үстіне тәуекелдің тоны киді.
Қараойда Қайың Құлкеш шабылғанда,
Қара атпен жалғыз жетіп шеттен тиді...

Облыска танымал ақсақал, марқұм Ғатих Маштаховтың айтуынша, осы өлеңде айтылған оқиға кезінде Жапарберді 14 жаста болған дейді. Ол өмір сүрген XIX ғасырдың ортасы тек түркімендер мен қазақтар ғана емес, сондай-ақ, Кіші жүз руларының арасында да жер дауы мен барымташылықтың дәуірлеп тұрған кезеңі еді.

Осындай оқиғаның бірі маңғыстаулық Төрәлі Отаралиевтің «Жапарберді батыр» мақаласында көрініс тапқан. Онда барымта жасаған Адай жігіттерінің соңынан қуған Табын Дәуіт (Дәукара) ақсақалдың естелігі беріледі. Оқиға желісі бойынша қуғыншыларды бастаған Дәуіт алға шығып, барымташыларға жақындағанда, соңғысының тобынан біреуі тобдее жалғыз қалып, келген қуғыншыны (Дәуітті) найзамен атының үстінен аударып түсіріп, кейін шылбырын қолына ұстатып кетеді. Өзін жаралы күйінде тастап кеткен адамның ісіне таңғалған Дәуіт «Ақылсыз достан ақылды дұшпан артық» деген халық даналығын есіне түсіріп, екі ру арасында сол кезде болғалы тұрған дауды басады. Кейін Дәуіт ақсақал өзінің қарсыласын тапқысы үшін іздеп, ақыр аяғында онын Жапарберді батыр екенін білгені туралы айтылады.

Батырдың өмірбаянына қатысты соңғы мәліметті форт-шевченколық, өзі болып келетін Жолымбек Ескалиев 1997 жылы «Маңғыстау» газетінде жариялады. Мақалада Жапарберді 1899 жылы балаларымен Қаражамбастан Қарабау, Қараөлге түпкілікті көшкені айтылады. Автордың жазуынша, бұл деректі әжесінен алған екен. Әрине, халық аузында Жапарбердіге қатысты бұдан өзге де аңыздар барпылық, алайда заманының текті ұлы тұрасындағы әңгімені одан әрі тереңдете беруді жөн көрмедік.

Соңғы мәселе – батырдың ұрпақтары жөнінде. Шежірелік деректерге сүйенген Берік Қоркытов өзінің «Атырау билері мен батырлары» атты кітабында Жапарбердінің үш әйелінен 10 ұл, 1 қыз көргенін жазды. Ал, «Қаратоқай шежіресінде» олардың саны 13, яғни 11 ұл, 2 қыз деп көрсетілген. Оның ішінде Ұлжан атты қызын Шеркеш руының биі Асаудың ұлы Тұрлан батыр алған.

Дегенмен, батырдың өмірбаянындағы басты ақтаңдақ – оның ұрпағы туралы емес, Жапарбердінің өмір сүрген жылдары мен мұрдесінің қайда жерленгендігінде. Бұл сұраққа жауапты батырдың алтыншы ұрпағы әрі тарихшы ретінде өлім 20 жылдан астам іздедім. Айта кетер жайт, оның бейіті туралы ақпарат әр жерде әртүрлі айтылып келді. Мәселен, бір деректе ол өзінен бұрын қайтыс болған Игілік атты баласының атына орай пайда болған «Игілік» атты қорымға қойылды десе, бірқатар ақпарат берушілер ескі Қарабаудағы «Мәнә» зиратында, енді бірі Мұрат Мөңкеұлы жерленген қорымда жатыр деген әңгімені айтты. Келесі бір деректе «Дәрі қаумында жерленген» делінін, оған Жайық бойындағы Жапарбердінің ұрпақтары ескерткіш тақта қойған еді. Бұл мәліметтің анықтығын анықтау үшін 2003 жылдан бастап арабтанушы мамандармен аталған зираттарды іздеп, олардағы арабша жазуларды оқытуға жұмыстандым. Бірақ, талпынысымыз бірден нәтиже берген жоқ.

2004 жылы Дәрі қорымындағы құлпытастарды оқытқанда, ол жерде Жапарбердінің 1898 жылы 72 жасында қайтыс болған ұлы Қожанияздың құлпытасы анықталды. Ескертер жағдай, қорымдағы құлпытастардың бірқатары сынып, құлап қалған екен. Осыған орай, соңғы уақытта кейбір ағайындар арасынан осымдай бірнеше бөлікке бөлініп, жазуы кетіп қалған құлпытастың бірін Жапарбердінікі ретінде көрсету жайттары болды. Әрине, бұл әрекеттің астарында батырдың есімін ұлықтау сияқты жақсы бастама болғаны сөзсіз. Дегенмен, жазуы көрінбейтін құлпытасты батырдікі ретінде тану, тарихқа қиянат жасаумен тең болатынын түсініп, әлеуметтік желіде «Жапарбердінің құлпытасын таптық» дегендерге асығыстыққа бармауға шақырдым.

Мұндай күмәнге келуге мынадай жайттар себеп болды. Ең алдымен, Жапарберді – текті, дәулетті тұлымнан. Сол кезеңнің өзінде құлпытас, оның ішінде сапалысын қою екінің бірінің қолынан келмеген. Олай деуге себеп – Дәрі қорымында немере ағасы Есет биге 1869 жылы, баласы Қожаниязға 1898 жылы қойылған құлпытастар әлі күнге дейін сыр бермей тігінен тұр. Олардан кейін қайтыс болған Жапарбердінің құлпытасы да сапалы тастан жасалуы керек деген ой келді. Екіншіден, қорымнан Жапарбердінің 10 баласының біреуі ғана табылуы «батырдың өзі қалған балаларымен өзге қорымда жерленуі мүмкін» деген ойға да жетеледі. Дейтұрғанмен, батырдың үлкен ұлы Сүйінген тарайтын апайдың бірі өз әкесінен «батыр Дәрі қорымында жерленді» деп естіген әңгімесін және жоғарыда айтылған рулас ағайынның «таптық» деген ойын қаперге алғанда, қорымдағы құлпытастарды қайтадан мұқият оқытуға тура келді.

Құлпытастарды Атырау облысы тарихи-мәдени мұраны зерттеу орталығы басшысының орынбасары Фархад Байдаулетов пен орталықтың тарихшысы Р. Қуанов биыл жазда қорымға жүргізілген мониторинг барысында бірлесе оқыды. Нәтижесінде, бірнеше қырлы оюланған, бірақ түбінен бір сынып жатқан құлпытастан (*суретте*) батырдың есімі анықталды. Құлпытастың сақталуы жақсы, дегенмен бірқатар жазулары ошкен. Соның өзінде мамандар одан: «Әль марһум, мағфур, Беріш руының Қаратоқай тайпасынан Айтболат бөлімінен Жабар Қабылұлы опат 83 жасында 1899 жылы ... бақиға рихлат қылынды үшбу ... тасты жаздырды Сүйін мырза» деген сөздерді оқыды.

Ерекше назар аударар жайт – Жапарбердінің негізгі есімі «Жапар» болған деп есептейміз. Себебі, жоғарыда аты аталған Матай ақынның Есболай тұқымы жайындағы толғауында батырдың аты Жапар деп беріледі:

Жапар атқа мінген соң
Көк найзаға жалынды...

Батырдың есіміне қатысты келесі бір деректі маңғыстаулық арабтанушы Нұрлан Құлбай Facebook әлеуметтік желісіндегі парақшасында жариялады. Ол Қызылқоға ауданындағы Мәтенқожа әулие қорымындағы бір құлпытастан: «Беріш руы Қаратоқай тайпасы Есболай бөлімі Жапар батырдың баласы Арыстан мырзаның зайыбы», - деген сөздерді оқыған екен.

ҚОРЫТА КЕЛГЕНДЕ, ОСЫ КЕЗГЕ ДЕЙІН «ҚАРАТОҚАЙ ШЕЖІРЕСІНДЕ» ЖАЗЫЛҒАН ЖАПАРБЕРДІ БАТЫРДЫҢ 1816 ЖЫЛЫ ТУҒАНДЫҒЫ ДҰРЫС БОЛСА ДА, ҚАЙТЫС БОЛҒАН УАҚЫТЫ 1917 ЖЫЛ ЕМЕС, 1899 ЖЫЛ ДЕГЕН ТҰЖЫРЫМҒА ТОҚТАЛҒАН ЖӨН. СОНЫМЕН ҚАТАР, ОСЫ КЕЗЕҢГЕ ДЕЙІН ҚАЙДАН ТОПЫРАҚ БҰЙЫРҒАНЫ БЕЛГІСІЗ БОЛҒАН ЖАПАРБЕРДІ БАТЫР ҚАБЫЛҰЛЫ НЕМЕРЕ АҒАСЫ ДӘРІ БАТЫРДЫҢ АТЫМЕН АТАЛАТЫН ҚОРЫМДА ЖЕРЛЕНГЕНІН ШҰБӘСІЗ ДӘЛЕЛДЕДІК, ЕНДІ ОСЫ МАҒЛҰМАТТАРДЫ БҰЛТАРТПАС ДӘЙЕК РЕТІНДЕ ТАРИХ ПАРАҒЫНА ТҮПКІЛІКТІ ЕНГІЗУГЕ БОЛАДЫ.

Мұхамбетқали ҚИПИЕВ,
тарихшы, гуманитарлық ғылымдар магистрі

**Экология*

ТАБИҒАТ–АНА аялауды сүйеді

Осы мақсатта Атырауда екі бірдей акция өтті

Республика күні қарсаңында Атырауда «Қоқыссыз таза табиғат» және «Жер-Ана» республикалық экологиялық жобалары аясында тал егу мен тазалыққа арналған акциялар өтті.

Атырау облысы табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу, ішкі саясат басқармалары және экология департаментінің ұйымдастырумен өткен шараларға мемлекеттік қызметшілер, үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері мен «Жасыл ел» жастар жасағының мүшелері, қоғам белсенділері мен еріктілер қатысты. Ағаш көшеттері негізінен «Атырау-Астрахан» тас жолының бойындағы мал базарының маңында отырғызылды. Сондай-ақ, тал егу жұмыстары «Самал», «Нұрсая» шағынаудандарында, әуежай аумағында және қалаға қарасты ауылдық округтерде жалғасын тапты.

Тазалық жұмыстары «Жұмыскер-Балықшы» автокөпірінің оң жақ жағалау бөлігінен бастап, Ракуша ауылына дейінгі аралықты, Қабдолов-Атамбаев көшелерін жалғайтын жолдың қос қапталын, Әуезов, Мұқанов, Песчанная, Шәріпов көшелерінің бойын, Азаттық даңғылындағы №102 үйден Балықшы кентіне дейінгі аралықты қамтыды. Айта кету керек, табиғатты аялап, тұрғылықты аумақтың тазалығын сақтап, тұрғындардың экологиялық мәдениетін көтеруді мақсат тұтқан акцияға облыс, қала басшылары да қатысып, өзіндік үлестерін қосты.

– Мұндай шаралар биыл ғана емес, жыл сайын дәстүрлі түрде өткізіліп келеді. Дегенмен, осы жолғы акцияның жөні бөлек, мәні ерек. Өйткені, ол еліміздің егемендігі туралы декларациясы жарияланған тарихи оқиғаға орайластырылған атаулы дата, ең маңызды да басты мереке – Республика күнінің құрметіне ұйымдастырылып отыр, - деді облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының басшысы Нұрлан Жантоқов.

Бұл күні барлығы 1600 түп көшет егіліп, 45 тонна қоқыс жиналды. Тал-терек отырғызу және тазалық жұмыстарына 1 мыңнан астам адам, 25 техника жұмылдырылды. Атырау қаласының бес аумағын қамтыған экологиялық сенбілік аудандарда да жалғасын тапты.

Дәулетқали АРУЕВ
Суреттерді түсірген Ерлан АЛТЫБАЕВ

